



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Кіріспе



Мақсаты – ағылшын философы Энтони Кенни шығармашылығымен, сонымен қатар, «Антика философиясы» атты кітабымен таныстыру және Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» мен Бертран Расселдің «Батыс философиясының тарихы» кітаптарына қысқаша салыстырмалы талдау жасау.

Жоспары:

1. Ағылшын философы – сэр Энтони Джон Патрик Кенни.
2. Бертран Расселдің «Батыс философиясының тарихы» мен Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» кітаптарына қысқаша салыстырмалы талдау.
3. Энтони Кеннидің «Антик философиясы» кітабы жайында.

Түйін сөздер:

Батыс философиясының тарихы, антик философиясы, философия табиғаты, философиялық білімнің өрлеуі.

Энтони Кеннидің «Антик философиясы» туындысының мәліметтеріне негізделген дәрістер тізбегін қарастырайық. (Anthony John Patrick Kenny «Ancient Philosophy»). Аталмыш туынды Энтони Кеннидің 2004–2012 жылдар аралығында жазған «Батыс философиясының жаңа тарихы» («A New History of Western Philosophy») атты төрт томдық кітабының алғашқы томы.

Кітаптың өзіне кіріспес бұрын алдымен оның авторына көз жүгіртейік. Сонымен, **сэр Энтони Джон Патрик Кенни** (1931 жылдың 16 наурызында дүниеге келген) – Британиядағы біртуар тұлғалардың бірі, ағылшын ғалымы және философы. 1974 жылдан бастап Британ академиясының мүшесі, содан вице-президенті (1986–1988), кейін президенті (1989–1993) болды. 1984 жылдан 2001 жылдар аралығында Кенни Оксфорд университетінің вице-канцлеры, Бодлеан кітапханасының кураторы (1985–1988), Родос үйінің қорғаушысы (1989–1999), Британ кітапханасы кеңесінің төрағасы (1993–1996) жұмыстарын атқарды.

Энтони Кенни Кембридж, Стэнфорд, Колумбиялық, Эдинбургтық ж.т.с. сынды әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің құрметті шақырылған профессоры болып табылады. Ол Бристольдің (1982), Ливерпульдің (1988), Глазгоның (1990), Тринити-колледждың, Дублинның (1992), Халланың (1993), Шеффилдтың (1995) және Уориктың (1995) Doctor of Letters (D.Litt., Litt.D., D. Lit.) атты аса қадірлі дәрежесіне ие. Өздеріңіз білетіндей, Doctor of Letters – кейбір мемлекеттерде PhD ауқымынан да асып кететін академиялық дәреже ретінде қарастырылады. Жоғарыда атап өткен университеттер Энтони Кенниге бұл құрметті атақты гуманитарлық ғылымдар саласындағы жетістіктері үшін және шығармашылық өнерге қосқан ерекше үлесін атап өту мақсатында марапаттады.

1992 жылы Елизавета II патшайымы Энтони Кенниді серілік дәрежесіне көтерді, бұл өз кезегінде осы тұлғаның тамаша жоғары қызметінің тағы бір көрінісі іспеттес. 1993 жылдан бастап Кенни Американдық философиялық қауымының, сонымен қатар Норвегиялық ғылым Академиясының мүшесі болып келеді. Сэр Энтони Кенни кескіні Лондондағы Британ Академиясында, Оксфорд университетінің көне колледждарының бірі – Баллиолда және Оксфордтағы Родос Үйінде ілулі тұр.

Энтони Кеннидің философиялық шығармашылығына келер болсақ, оның кәсіби қызығушылық аумағы Аристотель, Фома Акуинат, Декарт, Витгенштейн философияларын зерттеу. Сонымен қатар, оның сана философиясы мен дін философиясынан да еңбектері жарыққа шыққан. Энтони Кеннимен жақынырақ танысу үшін Youtube.com желісіндегі https://www.youtube.com/watch?v=r_FdKGVQjFY сілтемесіне кіріп, 2012 жылдың 23 ақпанында Оксфордта өткен және Оксфордтың тек Шелдониан залында емес, сонымен қатар, басқа екі залында да, тіпті бүкіл әлем бойынша Интернет желісі арқылы онлайн трансляция арқылы көрсетілген көпшілік алдындағы пікірталасын көре аласыздар. Энтони Кенни атақты ғалым және жаңа идеялар таратушы Ричард Докинз бен Кентерберийлік архиепископ Роуэн Уильямс арасындағы адам табиғаты жайында және жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуы туралы пікірталастың жүргізушісі болды. Оксфорд университетінің ректоры пікірталас қатысушыларын таныстырған кезде Энтони Кенни жайлы Оксфордтың ұлы философы деп таныстырады. Ал Кенни өзі туралы былай айтады: «Құдай бар ма деген мәселеге келсек, мен философ



және агностикпін. Мен Құдай бар ма, жоқ па, білмеймін. Дегенмен мен кез келген нұсқаның сендірерлік дәлелін тыңдауға ашықпын», – дейді.

Бертран Расселдің «Батыс философиясының тарихы» мен Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» кітаптарының қысқаша салыстырмасына кіріспес бұрын салыстыру себебін айтып кеткім келіп отыр. Біріншіден, қос автор да – атақты ағылшын философтары. Екіншіден, Аристотельдің «Органоны» мен Фрэнсис Бэконның «Жаңа Органоны» арасындағыдай ұқсастық туындайды. Үшіншіден, екі «...тарихы» да шолу дәрістер бола тұра, философия тарихындағы барлық атақты ойшылдарды сипаттау және түсіндіру мүмкін емес деп айтпасақ та, өте ауқымды іс болып келеді және дәл осы жерде әр автордың батыс философиялық ойының дамуына деген өзіндік көзқарастары үлкен қызығушылық танытып, назар аудартады.

Бүгінгі дәріс кіріспе сипатта болғандықтан, біз батыс философиясының екі тарихының құрылымына тоқталамыз.

Бертран Расселдің «Батыс философиясы тарихы» еңбегі үш кітаптан тұрады. Алғашқы кітаптың бірінші бөлімінде Сократқа дейінгі ойшылдарды қарастыратын Көне философия, екіншісінде – Сократ, Платон, Аристотель, үшіншісінде – Аристотельден кейінгі көне философияны қамтиды. Екінші кітаптың бірінші тарауында шіркеу әкейлерінің идеяларын ашып, екіншісінде – схоласттарды қарастырған Католиктік философия сипатталады. Үшінші кітап – екі бөлімнен тұратын Жаңа заман философиясы. Бірінші бөлімінде Қайта өрлеуден бастап Юмға дейінгі философия қамтылады, екіншісінде – Руссодан бастап Расселдің өзі өкілі болып саналатын логикалық анализға дейінгі мәселелер көтерілген.

Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» төрт кітаптан тұрады. Бірінші кітап Антика философиясына арналған. Бірінші бөлімінде Пифагордан Платонға дейінгі философиялық концепциялар қарастырылады. Екіншісінде – Аристотельден бастап Аугустинге дейін, келесі бөлімдерде логика, эпистемология, физика, метафизика, жан туралы, зерде туралы, әдеп туралы және Құдай мәселелері сынды тақырыптық бөлімдер орналасқан.

«...жаңа тарихының» екінші кітабы Орта ғасырлық философия жайында. «Философия және сенім» атты бірінші бөлімінде Кенни Аугустин, Боэций, Ибн Сина, Абеляр, Аверроэс және басқа да ортағасырлық ойшылдарға жүгінеді. Екінші бөлім – Фома Аквинат, Дунс Скотт, Уильям Оккам және тағы да басқа XII ғасырдағы схоласттардан бастап Ренессансқа дейінгі ойшылдарға арналған. Бірінші кітаптағыдай келесі бөлімдер тақырыптық тарауларға бөлінген.

Үшінші бөлім – Жаңа заман философиясы жайлы. Осы кітаптың бірінші тарауында Кенни XVI ғасыр философиясын, екіншісінде – Декарттан бастап Берклиге дейінгі, үшінші тарауында Юмнан бастап Гегельге дейінгі философиялық концепцияларды қозғайды. Ары қарай, алғашқы екі томындағыдай тақырыптық бөлімдерден тұрады.

Төртінші кітап – қазіргі замандағы философия жайында. Бірінші тарау Бентамнан бастап Ницшеге дейінгі философтарды қамтиды. Осыған, сонымен қатар, Джон Стюарт Милльдің, Шопенгауэрдың, Кьеркегордың, диалектикалық материализмнің философиялық концепциялары енеді. Екінші тарау прагматизм, пизитивизм және аналитикалық философия концепцияларындағы Пирстан Стросонға дейінгі философиялық зерттеулерден тұрады. Үшінші тарау – психоанализ, феноменология мен экзистенциализм концепцияларын енгізген Фрейдтан Дерридаға дейінгі философтарды енгізеді.

Батыс философиясының тарихын сипаттаудағы жоғарыда келтірілген екі шығармадағы кейбір сыртқы ұқсастықтардың мәні – Рассел философтар мен олардың идеяларын тарихи қырымен қарағанда өзінің философиялық артықшылығы мен ұнатуынан келіп шығады. Расселді жиі философия тарихына деген көзқарасы біржақты деп жазғырады, бірақ ол мұны жасырмайды да, өзінің пайымы бойынша ауқымды ойлары бар ойшылдардың көзқарасын ғана зерттеймін деп негіздейді. Ол сонымен қатар, философтармен қоса (олар анықтаушы болмаса да) иллюстрациялық және анимациялық сипаттағы бөліктер де құнды деп ескертеді. Ал Кенни болса, батыс философиясының тарихын мазмұндағанда екі ойды басшылыққа алады. «...жаңа тарихының» әрбір томында қарастырылып жатқан кезеңнің тарихи-философиялық оқиғаларына хронологиялық шолу жасайды, сонымен қатар, эпистемология, физика, метафизика, әдеп сынды тақырыптық бөлімдер де бар. Кенни өз кітабының осындай құрылымның болуы қызығушылық танытқан оқырманның екі үлгісінің қажеттіліктерін



де қанағаттандырады. Оқырманның алғашқы үлгісі – өткенге жарық беретін философия тарихына қызығушылық танытқандар, ал екіншілері – қазіргі заманның өзекті сұрақтарына жауап іздеген философияның өзіне қызығушылық танытқан жандар.

Бертран Рассел кітабының алғысөзінде былай жазады: «көптеген философия тарихтары жазылған, дегенмен, білуімше, олардың ешқайсысы менің өз алдыма қойған мақсаттарды көздемеген. Философтар бір мезетте салдар да, себеп те болып табылады – оларға тиесілі сол замандағы институттар мен саясаттың, әлеуметтік мән-жайдың салдары және одан кейінгі ғасырлардың институттары мен саясатын анықтайтын сендіру себептері (егер де қандай да бір философтар жолы болғыш болса)». Философия тарихының көбінде әрбір ойшыл бос қуыста жұмыс жасағандай сынды – оның пікірі оқшау, тіпті одан да сорақысы, ертеректегі философтар көзқарастары арасындағы байланысты қолданбай сипаттайды. Мен болсам, өз тарапымнан, әрбір философты (мүмкіндігімше, шындықтан алшақтамай) оны қоршаған ортасының жемісі ретінде, яғни сол қоғамның бөлшегі болып табылатын және соған тән ойлар мен сезімдер шоғырланған және тазартылған адам ретінде қарастыруға тырысамын.

Рассел да, Кенни де өздерінің батыс философиясының тарихын сипаттағанда, философияны тек білім алу мен кәсіптік мақсаттарында емес, ең алдымен өзінің ақылының сергектенуіне көңіл бөлген білімді аудиторияға бағыттаған және ілесіп жүрген сынға қарамастан Рассел кітабы уақыт талқысынан өтсе (егер мен Айда мәңгі қалар болсам және тек бес кітап алуға мүмкіндігім болса, оның беруі «Батыс философиясының тарихы» болар еді деп айтқан Борхесты еске алайық), Кеннидің кітабы үшін мұндай сынды әлі басынан өткеру керек.

Ендігі мәселе тікелей «Батыс философиясының жаңа тарихы» кітабының алғашқы томы жайлы болмақ. Жоғарыда айтылғандай, Энтони Кеннидің бірінші кітабы «Антикалық философия» деген атпен белгілі. Бірінші томның кіріспесінде Кенни бұл кітап философия бастауынан 387 жылға дейін, яғни Аурелий Аугустинге анығырағы, Аугустиннің христиандықты қабылдағанға дейінгі философиялық идеялардан тұрады деп жазды. Бірінші тарауда Кенни антик философтары мен Пифагордан Платонға дейінгі философиялық мектептердің идеяларын ашады. Ол милеттіктердің, пифагорлықтардың, Ксенофан, Гераклит, элеаттықтар, Эмпедокл, Анаксагор, атомисттер, софистер, Сократ және Платон философияларын талдауға тыңғылықты түрде кіріседі. Екінші тарауда Аристотельден бастап Аугустинге дейінгі философиялық мектептер қарастырылады. Энтони Кенни Аристотель философиясына аса назар аударады. Ол ұлы ойшылдың шығармашылығын Платон Академиясында болған кезеңнен өзінің лицей мектебін құрғанға дейін жан-жақты талдайды. Сонымен қатар, осы тарауда эпикурлықтар, стоиктер, скептиктер және ерте христиандық философия түсіндіріледі. Кенни бұл бөлімді Плотин философиясы мен Аугустиннің христиандыққа дейінгі философиясын қарастырумен аяқтайды. Үшіншіден тоғызыншы тараудағы тақырыптық бөлімдерде Кенни антикалық философтарға әртүрлі философиялық мәселелер мәнмәтінінде жүгінеді. Логика тарауында Аристотельдің силлогистикасы, әсіресе оның «Категориялар» еңбегі және стоиктердің логикасы қаралады. Эпистемология бөлігінде Сократқа дейінгі гносологиялық концепцияларға, Сократтың білім және білімсіздік идеяларына, Аристотельдің ғылым мен елестер туралы ойларына, Эпикур мен стоиктер эпистемологиясына, сонымен қатар, Пирронның скептицизміне көңіл бөлінеді. Физика тарауы континуум түсінігінен, өзгерістер мен себепті байланыстардан, уақыт, қозғалыс, орынға қатысты аристотельдік идеялардан, себептілік туралы стоиктердің идеялары сынды зерттеулерден тұрады. Сонымен қатар, осы жерде антик философиясындағы детерменизм мен еркіндік сұрақтары қарастырылады. Метафизика бөлігі Парменидтің онтологиясынан басталып, Платонның эйдосына және Аристотельдің түрлеріне талдау жасалып, болмыс пен тіршілік ету мәселелерін қарастырумен аяқталады. «Жан және зерде» тарауында Кенни Пифагордың метампсихозына, Платонның «Федондағы» мәңгі өмір сүру түсінігіне, жан анатомиясына, аристотельдік философиялық психологияға, зерденің эллиндік философиясына және еркіндік, зерде мен жан туралы кейінгі антикалық түсіну мәселелеріне тоқталған. Әдеп тарауы Демокриттық моральға, Сократтағы ізгілік, Платондағы әділеттілік пен ләззат алуына, Аристотель эвдемонизміне, Эпикур гедонизміне және стоиктер этикасын талдауға арналған. Құдай туралы тарау Ксенофан, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, стоиктер теологиясынан бастап, Плотинның триада жайлы іліміне арналған.



«Батыс философиясының жаңа тарихы» атты 4 томдық еңбегінің бірінші томына кіріспесінде Энтони Кенни өз зерттеуінің мақсаты мен міндеттерін айқындаудан бұрын философияның ерекше табиғатына тоқталғысы келгені жайлы айтады. «Философия» сөзі әр адамға әртүрлі әсер етеді, тиісінше философия тарихы да әртүрлі түсіндірілуі мүмкін. Терминнің қандай мағына беретіні, ойшылдың философияда нені маңызды санайтынына байланысты болады.

Бұл әйгілі философия тарихшылары – Аристотель мен Гегельге деген философия табиғатына деген көзқарас екі ойшылда да екі түрлі. Дегенмен олардың философиялық білім прогресі жөніндегі түсініктері бірдей. Тарих толқынында философиялық мәселелер ұдайы айқындалып, жетілумен келеді және оларға нақтырақ жауап беруге деген мүмкіндік те артуда. Аристотель өз «Метафизикасының» алғашқы кітабында, Гегель «Философия тарихы дәрістерінде» дүниені түсіндірудегі алғашқы философтардың түсіндірмелері турасында жазады.

Аристотель мен Витгенштейн философиясын жақсы білген Кенни ойдың дамуына олардың тұрғысынан қарау екі түрлі көзқарастан туындағанын көрсетеді. Философия бір жағынан ғылым, екінші жағынан өнер ретінде қарастырылады. Ғылымға ұқсас деуіміздің себебі, философия ақиқатты іздейді. Екінші жағынан өнердегі классикалық туындылар көнермейді. «Философия – шын мәнінде, жекелеген кемеңгерлердің жұмысы. Шекспирдің Гомерді алмастыра алмайтыны сияқты Кант та Платонның орнын баса алмайды – дейді Кенни. Бұл мысалдардың бәрінде ақиқат бар. Дегенмен, олардың ешқайсысы да түбегейлі шындыққа көз жеткізе алмайды. Кеннидің ойынша философия», – ғылым емес. Оның өнерге де таласы жоқ. Философия – білім мәселесі емес, түсінік мәселесі, яғни бұрыннан таныс нәрсені жинақтау мәселесі. Алайда философия өте ауқымды әрі әмбебап. Сондықтан ол талап ететін білімнің күрделілігі соншалық, оны тек кемеңгер ақыл иесі ғана игере алады. Біз үшін, философияны меңгерудің бір ғана жолы бар. Ол – көне замандағы қандай да бір ұлы философтардың ойлау деңгейіне қол жеткізу.

Философия тарихындағы тіл немесе ерік-жігердің еркіндігі сынды әртүрлі мәселелерге көз жүгірткен Кенни философиялық прогрестің айқын формасын философиялық сараптама прогресінен көреді. Өткен заманның ұлы туындылары философияда өз маңыздылығын жоғалтпаған. Дегенмен олардың зияткерлік үлесі тұрақсыз. Әр дәуір философиялық классиканы өз проблемалары мен ұмтылыстарына теліп, өзінше талдайды. Философияға немесе тарихқа көбірек қызығушылық танытқан философия тарихшысы бір мезетте философ та тарихшы да бола алмайды. Көркемөнер тарихшысына міндетті түрде суретші болу қажет емес; медицина тарихшысы да, тарихшы болғандықтан, дәрігерлік қызметпен айналыспайды. Философия мен оның тарихы арасындағы байланыс өте тығыз. Философия тарихшысы өткен дәуір ойшылдары өз еңбектерін жазған тарихи контекстті білуі керек. Кенни тарих пен философияны бірегей ағартушылыққа деген өзара ізденісінің етене байланысының жарқын мысалы XIX ғасырдағы ұлы неміс философы және математигі Готтлоб Фрегенің «Арифметика негіздері» атты еңбегінде тамаша көрсетілгенін айтады. Фреге кітабының жартысына жуығы басқа философтар мен математиктердің көзқарастарын талқылауға және олардың пікірлерін теріске шығаруға арналған. Алайда оның ұзаққа созылған пікірталасының басты мақсаты – өзі кейін шешімін тауып беретін проблемалардың байыптылығына оқырмандарды сендіру. Бұл преамбула болмаса, бізде бір нәрсені зерттеуге бағытталған бастапқы алғышарт та, өзіміздің білместігімізді түйсіну де болмайды. Осылайша, Энтони Кенни өзінің алғашқы томының кіріспесінде Фалестен бастап Дерридаға дейінгі философия тарихын жазуға шақырғанда антика, орта ғасыр, қазіргі заман философиясының бастауы және қазіргі заман философиясының дамуын бір арнаға салып, ой әлемін тұтас көзқарас тұрғысынан қарастыра отырып, қорытынды шығаруды ұсынды. Кеннидің ойынша бұл еңбекті жазудағы басты мақсаты – өмірден өткен ғұламалар философиясының бүгінгі таңда да өзектілігін көрсетіп, бізге мұраға қалу бақыты бұйырған ұлы туындыларды тыңғылықты оқи отырып, философиялық танымға қол жеткізе алатынымызды көрсету.

«Кенни прозасы анық және түсінікті... Ауқымды түрде ой тереңдігін көрсете білу – ұлы жазушылар мен ғалымдарға тән және бұл сипаттар авторға тән... Осының барлығы философиялық білім және талғампаздықпен толықтырылып кітаптың оқылуын аса құнды әрі пайдалы етеді», – деп «Батыс философиясының жаңа тарихы» кітабының бір томы туралы Джеймс Ладиман «Таймс» атты Білім беру қосымшасында жазды.



Осымен, біз Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» еңбегінің бірінші томының қысқаша сипатын аяқтаймыз. Келесі дәрістерде біз «Антикалық философия» кітабының кіріспесін талдауға және осы уақыттың алғашқы философиялық концепцияларына тыңғылықты тоқталамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Бодлеан кітапханасы жайлы не білесіз?
2. «Родос үйінің күзетшісі» деген нені білдіреді?
3. Не себепті Энтони Кенни өзін агностик санайды?
4. Бертран Расселдің «Батыс философиясының тарихы» мен Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» еңбектерінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылық қандай?
5. «Антик философиясы» кітабы қандай негізгі идеяларды қамтиды?
6. Аристотель мен Гегель философиялық білімнің өрлеуін неден көреді?
7. Философия тарихында философия табиғатын талдауда қандай ең танымал бағыттар қарастырылады?
8. Кеннидің ойынша философиялық өрлеудің ең керемет түрі қандай?
9. Не себепті философия тарихшысы философ та тарихшы да болуы қажет?

Әдебиет

1. Kenny A., (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Russel B., (1945) History of Western Philosophy and its Connection with Political and Social Circumstances from the Earliest Times to the Present Day - Simon&Schuster New York Sity.
3. Encyclopædia Britannica / <https://www.britannica.com>.
4. <http://www.bogoslov.ru/persons/193052/index.html>.
5. Frege G., Grundgesetze der Arithmetik. 2 vols. Jena: Hermann Pohle, 1893-1903. Translated in part as The Basic Laws of Arithmetic: Exposition of the System. Edited and translated by Montgomery Furth. Berkeley: University of California Press, 1964.